

Аққайың ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 11 ақпандағы N 21 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 16 ақпанда N 13-2-113 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 9 сәуірдегі N 21 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2010.04.09 N 21 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 7-бабының 5-тармақшасына, 20-бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аққайың ауданында жергілікті бюджеттің қаражат есебінен қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. Қоғамдық жұмыстарға 310 адам санында сұраныс және ұсыныс анықталсын.

3. Қосымшаға сәйкес ұйымдарында қоғамдық жұмыстар өткізілетін болатын және қоғамдық жұмыстарын түрлерін Тізілім (әрі қарай мәтін бойынша – Тізілім) бекітілсін.

4. «2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 219-IV Заңымен орнатылған ең аз жалақысынан төмен емес қоғамдық жұмыс түрлері бойынша еңбек ақының мөлшері бекітілсін.

5. Аудан бюджетінде қоғамдық жұмыстарды жүргізуге қарастырылған қаражат шегінде «Аққайың аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бекітілген Тізілімге сәйкес жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын.

6. Бекітілген Тізілімге сәйкес селолық округ әкімдері жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға тартуды көлемдерде және түрлері бойынша қамтамасыз етсін.

7. «Аққайың аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қоғамдық жұмыстарға қамтылған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуге ақшалай қаржыландыруды уақытында қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.М. Нүркеновке жүктелсін.

9. Осы қаулы Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Елубаев

К Е Л І С І Л Д І :

«Аққайың аудандық мұрағат»

мемлекеттік мекемесінің бастығы Д.А. Досщанова

Аққайың ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 11 ақпандағы
№ 21 қаулысымен
бекітілді

Қоғамдық жұмыстар мен қоғамдық жұмыстардың түрлері өткізілетін ұйымдардың Тізілімі

Ұйымдардың атауы	Жұмыс орны	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қаржыландыру көздері
«Аққайың аудандық мұрағаты» мемлекеттік мекемесі	5 адам	1. Құжаттарды даярлау және көмек көрсету;	Жергілікті бюджет
		2. Құжаттарды даярлау және көмек көрсету; 3. Шаруашылық құру және шаруашылығының көмектесу; 4. Қоғамдық қамтамасыз ету қорғау тәртіпті құқықтық органдарға көмектесу; 5. Ауыл аумақтарды көгалдандыру және көркейтуді; 6. Мұз қалашықтарының	

«Аққайың ауданы селолық округ әкімдерінің аппараттары»	305 адам	<p>құрылыстарында қосалқы жұмыстарды орындау; 7. 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға Жергілікті мемлекеттік жәрдемақы бюджет тағайындау кезінде жұмыспен қамту мәселесі бойынша көмек көрсету;</p> <p>8. Оралмандарды жайғастыру және қабылдау бойынша тапсырмаларды орындау;</p> <p>9. Мемлекеттік мекемелерде және бюджеттік ұйымдарда жағу кезеңінде жағушы болып жұмыс істеу;</p> <p>10. Күзгі және көктемгі тасқындарға байланысты мелиоратив жұмыстарын жүргізу;</p>
Қорытынды	310	